

2-сабақ



Медиа
сабақ

ТАҚЫРЫП:

ЖУРНАЛИСТИКА

және

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ

Өткен сабақтың қысқаша мазмұны



Ақпарат – бізді қоршаған орта туралы барлық деректер;

БАҚ тек қана ақпарат таратпайды;

Сөз бостандығы мен демократия деңгейі бір-бірімен тығыз байланысты;

Мемлекеттік органдар қызметі туралы ақпарат барлық адам үшін қолжетімді болуы керек. **2**



Журналистика
(француздың journal – күнделік, газет деген сөзінен шыққан) – өзекті ақпаратты жинау, өңдеу және бұқаралық коммуникация арналары арқылы (мерзімді баспасөз, радио, телеарна, кино) тұрақты түрде тарататын қоғамдық қызмет түрі.



Журналист —
Журналистиканы өзіне негізгі кәсіп еткен адам. Ол фактілер, оқиғалар, адамдар, құбылыстар туралы ақпаратты аудиторияға жинап, өңдеп, қорытып барып, БАҚ-ты ақпаратпен толтырады.

Ақпарат қандай болуы

1

Сенімді

2

Өзекті

3

Жедел

4

Түсінікті

5

Толық

6

Дер кезінде

7

Нақты

Объективті ақпарат

Ақпарат біреудің көзқарасына, пайымына, ойына тәуелді болмаған жағдайда ғана **ақпарат объективті** бола алады.

Мысалы:

«Далада күн жылы» деген – субъективті пікір. Ал, *«Далада ауа температурасы 22°C»* деген хабарлама объективті. Егер термометрде ешқандай ақаудың бары тіркелмесе, бұл факті.

Ақпараттың тепе-теңдігі



Ақпараттың толықтығы


Түсінуге және түйін
шығаруға мәлімет
жеткілікті болса, онда
ақпаратты толық деуге
негіз бар

Ақпараттың өзектілігі

Ақпараттың өзектілігі деген ақпараттың дәл қазіргі уақытта қажетті, маңызды болуы. Тек дер кезінде алынған ақпарат қана өзекті болады.

Ақпараттың түсінікті, ұғынықты болуы

Ақпарат аудиторияға түсінікті болуы керек. Ойға қонымды болуы, қисынды болуы, ыңғайлы әрі шағын формада берілуі ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді



Ақпараттық
сауаттылық

Кітапхана
сауаттылығы

өз ойын еркін
білдіру және
ақпараттық
сауаттылық

Цифрлік
сауаттылық

Медиа сауаттылық

МАС

Компьютерлік
сауаттылық

Жарнама
саласындағы
сауаттылық

Интернет
сауаттылық

Жаңалықтар
сауаттылығы

Телесауаттылық

Киносауаттылық

Электронды
ойындарды
ойнау
сауаттылығы

Медиасауаттылық

Сауаттылық
оқи алу және жаза алу

Компьютерлік сауаттылық
компьютерде жұмыс істеу
дағдыларын игеру

Медиасауаттылық
медианың әртүрінде
хабарлама жасау, бағалау
және талдау

Ақпараттық сауаттылық
компьютерді меңгеру,
оған қоса ақпаратты ізеп
тауып, оны өңдей алу

Түйіндер:

- Журналистің негізгі міндеті – жаңа тексерілген фактілерді адамдарға хабарлау.
- БАҚ-тағы ақпарат объективті, толық, тепе-тең, өзекті және түсінікті болуы керек.
- Ақпаратты бірден емес, мөлшерімен қабылдау керек.
- Медиа сауаттылық – адамға қажетті заманауи дағды.